



010000, Astana qalasy, Esil aýdany, Mángilik El dańǵyly, 8-úı,  
“Mimstrlikter úıı” ǵımaraty, № 11 kireberis,  
tel.: 7 (7172 ) 742361, faks:  
e-mail:

010000, город Астана, Есильский район, проспект Мәңгілік Ел,  
дом 8, здание “Дом министерств”, подъезд № 11,  
тел.: 7 (7172 ) 742361, факс:  
e-mail:

**Қазақстан Республикасы**  
**Парламенті Мәжілісінің депутаттары**  
**М.М. Магеррамовке**  
**А.Ж. Нұралинге**  
**К.С. Сейтжанға**  
**И.В. Смирноваға**  
**И.Е. Сұнқарға**

2026 жылғы 18 наурыздағы  
ДЗ-74 депутаттық сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (*бұдан әрі – Министрлік*) Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының 2026 жылғы 18 наурыздағы бірлескен отырысында айтылған «Болашақ» халықаралық стипендиясы шеңберінде қаражатты қайтару тетігіне қатысты депутаттық сауалды қарастырып, келесіні хабарлайды.

«Болашақ» халықаралық стипендиясы 1993 жылғы 5 қарашада талантты жастарды жетекші шетелдік білім беру ұйымдарында оқыту арқылы жоғары білікті кадрлар даярлау және мемлекеттің бәсекеге қабілетті кадрлық әлеуетін қалыптастыру мақсатында құрылған.

Болашақ бағдарламасын іске асыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Атап айтқанда «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы, «Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы № 470 Жарлығы, «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларын бекіту және «Болашақ» халықаралық стипендиясын жұмсау бағыттарын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы № 573 қаулысы (*бұдан әрі – Іріктеу қағидалары*), сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілер негізге алынады.

Іріктеу қағидаларының 30-тармағына сәйкес Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның (*бұдан әрі – Республикалық комиссия*) шешімі бойынша конкурстық іріктеуден өткен жеңімпаз «Болашақ» стипендиясынан айырылған жағдайда стипендия тағайындау туралы шешім қабылданған күннен

бастап оның оқуына жұмсалған барлық шығыстар, оның ішінде тұрақсыздық айыбы (айыппұл) заңнамада белгіленген тәртіппен толық көлемде және міндетті түрде қайтарылуға жатады.

2010 жылға дейін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың) мөлшері нақты жұмсалған қаражаттың 25 пайызын құрағанын атап өтеміз, бұл өз кезегінде қатысушылар тарапынан бірқатар негізді өтініштердің туындауына себеп болды. Осыған байланысты 2010 жылдан бастап тұрақсыздық айыбының мөлшері нақты жұмсалған шығыстар сомасының 10 пайызына дейін төмендетілді және бұл норма стипендиат пен бағдарламаның әкімшісі «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамы (*бұдан әрі – Орталық*) арасында жасалатын үлгілік шарттарда бекітілген.

Орталық өз қызметінің шеңберінде заңдылық қағидаттарының сақталуын, шарт талаптарының орындалуын және тараптардың теңдігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ көзделген жауапкершілік шаралары толық көлемде қолданылады.

*Анықтама ретінде: Орталықтың аталған тетікті қолдану тәжірибесі оның тиімділігін көрсетеді. 2013 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін бюджет кірісіне 14,5 млрд теңге қайтарылған. Оның ішінде республикалық бюджетке 2024 жылы – 2 492 408 124,89 теңге, 2025 жылы – 2 290 528 197,48 теңге, ал 2026 жылдың I тоқсанында – 378 515 499,33 теңге қайтарылды.*

«Болашақ» стипендиясынан айырылу немесе одан бас тарту жағдайларында тұрақсыздық айыбын (айыппұл) өндіріп алу тетігін қолдану тәртіпті нығайтуға және құқық бұзушылықтардың алдын алуға ықпал етеді, бұл өз кезегінде міндеттемелердің тиісінше орындалуын қамтамасыз етіп, стипендиаттардың қаржылық жауапкершілігін арттырады және бағдарлама талаптарының бұзылу санын азайтады.

Осылайша қолданыстағы құқықтық реттеу бюджет қаражатының қайтарылуын қамтамасыз ететін жеткілікті әрі тиімді жұмыс істейтін құралдарды қамтиды.

Сонымен қатар Министрлік тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың) көлемін арттыру туралы ұсынысты қаржылық жауапкершілік тетіктерін одан әрі жетілдіру тұрғысынан орынды екенін атап өтеді.

Сондай-ақ аталған бастаманы іске асыру мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарды тарта отырып, жауапкершіліктің, құқықтық айқындықтың, сондай-ақ жария әрі жеке мүдделердің теңгерімділігі ескерілген жан-жақты және кешенді талдауды талап етеді.

Осыған байланысты аталған мәселе белгіленген тәртіппен пысықталатын болады.

**Қазақстан Республикасының  
Ғылым және жоғары білім министрі**

**С. Нұрбек**



010000, Astana qalasy, Esil aýdany, Mángilik El dańǵyly, 8-úı,  
“Mimstrlikter úıı” ǵımaraty, № 11 kireberis,  
тел.: 7 (7172 ) 742361, факс:  
e-mail:

010000, город Астана, Есильский район, проспект Мангілік Ел,  
дом 8, здание “Дом министерств”, подъезд № 11,  
тел.: 7 (7172 ) 742361, факс:  
e-mail:

Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан  
М.М. Магеррамову  
А.Ж. Нуралину  
К.С. Сейтжану  
И.В. Смирновой  
И.Е. Сункару

На ДЗ-74  
от 18 марта 2026 года

### Уважаемые депутаты!

Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан (*далее – Министерство*), рассмотрев Ваш депутатский запрос, озвученный 18 марта 2026 года в ходе совместного заседания Палат Парламента Республики Казахстан, касательно механизма возврата средств в рамках международной стипендии «Болашак», сообщает следующее.

Международная стипендия «Болашак» учреждена 5 ноября 1993 года в целях обеспечения подготовки высококвалифицированных кадров посредством обучения талантливой молодежи в ведущих зарубежных образовательных организациях и формирования конкурентоспособного кадрового потенциала государства.

Реализация программы «Болашак» осуществляется в строгом соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан, включая Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-III «Об образовании», Указ Президента Республики Казахстан от 12 октября 2000 года № 470 «О Республиканской комиссии по подготовке кадров за рубежом», Постановление Правительства Республики Казахстан от 11 июня 2008 года № 573 «Об утверждении Правил отбора претендентов для присуждения международной стипендии «Болашак» и определения направлений расходования международной стипендии «Болашак» (*далее – Правила отбора*), а также иные нормативные правовые акты.

В соответствии с пунктом 30 Правил отбора, в случае лишения победителя конкурсного отбора стипендии «Болашак» по решению Республиканской комиссии по подготовке кадров за рубежом (*далее – Республиканская комиссия*), расходы,

понесенные на его обучение со дня принятия решения о присуждении стипендии, включая неустойку (штраф), подлежат обязательному и полному возмещению в установленном законодательством порядке.

Следует отметить, что до 2010 года размер неустойки (штрафа) составлял 25 процентов от суммы фактически понесенных расходов, что вызывало обоснованные обращения со стороны участников правоотношений. В этой связи с 2010 года размер неустойки был снижен до 10 процентов от суммы фактически понесенных расходов, что закреплено в типовых договорах, заключаемых между стипендиатом и администратором программы – акционерным обществом «Центр международных программ» (далее – Центр).

Центр в рамках своей деятельности обеспечивает неукоснительное соблюдение принципов законности, договорной дисциплины и равенства сторон обязательств, а также применение предусмотренных мер ответственности в полном объеме.

*Справочно: практика применения указанного механизма Центра подтверждает его результативность. С 2013 года по настоящее время в доход бюджета возвращено 14,5 млрд. тенге. Так, за 2024 год возвращено в республиканский бюджет 2 492 408 124,89 тенге, за 2025 год – 2 290 528 197,48 тенге, а за 1-й квартал 2026 года – 378 515 499,33 тенге.*

Применение механизма взыскания неустойки (штрафа) в случаях лишения либо отказа от стипендии «Болашак» оказывает системное дисциплинирующее и превентивное воздействие, способствует надлежащему исполнению обязательств, повышает уровень финансовой ответственности стипендиатов и снижает количество нарушений условий программы.

Таким образом, действующее правовое регулирование предусматривает достаточный и функционирующий инструментарий обеспечения возвратности бюджетных средств.

Вместе с тем Министерство отмечает, что предложение о повышении размера неустойки (штрафа) представляется целесообразным с точки зрения дальнейшего совершенствования механизмов финансовой ответственности.

В то же время реализация указанной инициативы требует всестороннего и комплексного анализа с привлечением заинтересованных государственных органов и организаций, с учетом принципов соразмерности ответственности, правовой определенности, а также сбалансированности публичных и частных интересов.

В этой связи проработка данного вопроса будет осуществляться в установленном порядке.

**Министр науки и высшего образования  
Республики Казахстан**

**С. Нурбек**